

Шри-Ланка Демократиялық Социалистік Республикасына ізгілік көмек көрсетуге байланысты шығындарды өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 8 сәуірдегі N 319 Қаулысы

"Шри-Ланка Демократиялық Социалистік Республикасына ізгілік көмек көрсету туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы N 1445 қаулысы негізінде Шри-Ланка Демократиялық Социалистік Республикасына ізгілік көмек көрсетуге байланысты шығындарды өтеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2005 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының және өзге де мемлекеттердің аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен 40499771 (қырық миллион төрт жүз тоқсан тоғыз мың жеті жүз жетпіс бір) теңге 55 (елу бес) тиын сомасында ақшалай қаражат, оның ішінде:

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне - Шри-Ланка Демократиялық Социалистік Республикасына ізгілік көмек көрсету үшін мемлекеттік резервтің шығарылған материалдық құндылықтарының және жұмылдыру резервінің броньнан шығарылған материалдық құндылықтарының құнын өтеу үшін 14963683 (он төрт миллион тоғыз жүз алпыс үш мың алты жүз сексен үш) теңге;

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігіне ізгілік көмек жүгін автомобиль және авиация көліктерімен тасымалдауға байланысты шығыстарды өтеуге 25536088 (жиырма бес миллион бес жүз отыз алты мың сексен сегіз) теңге 55 (елу бес) тиын бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінетін қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі